

Қорғалжын ауданы әкімдігінің "Қорғалжын аудандық ветеринария бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 15  
маусымдағы № 99 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

**Күшін жойған**

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 20 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 наурызда № 5269 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 61/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 19.04.2016 № 61/1 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік бақару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қорғалжын ауданы әкімдігінің "Қорғалжын аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 15 маусымдағы № 99 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4872 тіркелген, 2015 жылғы 30 шілдедегі "Нұр-Қорғалжын" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Қорғалжын аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесінде:

16 тармақтың 11), 13) тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

"11) уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастыру;";

"13) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;";

17 тармақтың 2), 3) тармақшалары алынып тасталсын;

17 тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

"4) ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда, сондай-ақ қолайсыз пункттерде жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілер анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларды алып қоюға және жоюға, оларды залалсыздандыруды (заарсыздандыруды) немесе өндөуді ұйымдастыру ісіне қатысуға, сонда-ақ аталған фактілер туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға;".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын аудан әкімінің орынбасары Б.Сембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К.Рыскелдінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК